



Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 19 ақпан N 16 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 6.04. 1999 ж. тіркелді . Тіркеу N 729. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер бекітілсін және жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.):

1) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістерді мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалына (Астана қаласы), Алматы бас филиалына, облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жіберсін.

3. Мерзімдік басылымдар және іскерлік ақпарат бөлімі (Байменов Х.Қ.) осы қаулының және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістердің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З. Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 19 ақпан

бекітілді

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы № 206 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу" ережесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 5.03.-тармақтың бірінші азатжолындағы "он" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. 5.07-1-тармақтың бірінші азажолындағы "он" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

3. 6.02-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.02. Жеке тұлғалар - резиденттер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге қайдан алынғаны заңды-заңсыздығын құжаттармен көрсетілмейтін қолмақол шетел валютасын үш мың АҚШ долларына дейінгі баламамен әкете алады.

Қазақстан Республикасынан баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол шетел валютасын әкеткенде Қазақстан Республикасының кеден органдарына осы соманың барлығына құжаттар тапсыруы қажет.

Ондай құжаттар мынадай болуы мүмкін:

- уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері белгіленген тәртіппен берген шетел валютасын сатып алғаны жөнінде анықтама-сертификаттар;

- уәкілетті банктер берген валюталық есеп шоттан қаражат алғанын растайтын құжаттар;

- Қазақстан Республикасына бұрын әкелінген шетел валютасының сомасы туралы кедендік декларация.

Нақты бағасы және/немесе құны шетел валютасымен көрсетілген төлем құжаттарын әкеткенде (чектер, оның ішінде жол чектері, вексельдер) сомасы бойынша шектеулер қойылмайды."

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

О қ ы ғ а н д а р :

У м б е т о в а А . М .

Икебаева А.Ж.

